



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ

*Елбасымыз Назарбаевтың бағдар: рухани мақаласы қажет қажет жерде шыққан деп санаймын. Бұл – қарапайым мақала ғана емес, қазақ халқының құндылықтарын қалыпқа түсіру, түгендеу, саралау, заман талабын ескере отырып тура жолға қою және дамытуға арналған бағдарламалық құжат деуге толық негіз бар. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырудың» біз барынша мән беріп, берік байлам етіп алуға тиісті тұстарына қысқаша тоқталып өтсек.*





РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ

ТУҒАН ЖЕРГЕ АЙРЫҚША  
ІҢКӘРЛІКПЕН АТСАЛЫСУ –  
ШЫНАЙЫ ПАТРИОТИЗМНІҢ  
МАҢЫЗДЫ КӨРІНІСІ

Н.Назарбаев





Біріншіден, «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды». Бұны мақала авторы «Ұлттық бірегейлікті сақтау» тарауында айтып отыр. Рухани жаңғыру ұлттық кодты сақтаумен бірге ұлттық бірегейлікті сақтауды да талап етеді. Елбасы айтқандай, ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, жалпы ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс.



## **БІЗ ХХІ ҒАСЫРДЫҢ ЖАҢАНДЫҚ КАРТАСЫНДА**

**ЕШКІМГЕ ҰҚСАМАЙТЫН, ДЕРБЕС ОРНЫ БАР  
ҰЛТ БОЛАМЫЗ ДЕСЕК, ӘЛЕМ БІЗДІ  
МӘДЕНИ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗБЕН ТАНУЫ КЕРЕК**

**Н.Назарбаев**



*Екіншіден, елбасының латын әліпбиіне 2025 жылдан бастап көшіп, оған дейін әдістемелік дайындық жұмыстарының жасалатыны туралы. Бүгінде бүкіл әлем латын әліпбиінде сөйлейді. Сондықтан бұл да өзекті мәселелердің бірі.*



*Үшіншіден, білім. Білім болғанда да ұлттық рухани құндылыққа негізделген білім. Елбасының Қазақстанның үшінші жаңғыруына байланысты келелі ойларын қолдай келе, оны жүзеге асырудың бір жолы бәсекеге қабілеттілікте дер едім. Бәсекеге қабілетті болу үшін білімді болумен қатар, дұрыс тәрбие алу керек. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы» деп әл – Фараби бабамыз айтқандай біз тәрбие мен білімді қатар жүргізуіміз қажет.*



**РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ**

Сонымен қатар мақалада айтылған туған жер, туған ел бағдарламасымен бірге қазақ жерінің тарихи-туристік белдеулерін түзу, заманауи қазақ қоғамының қалыптасуына үнсіз үлес қосып жүрген 100 азаматтың есімін анықтау, қазақ зиялылары мен олардың шығармаларын шет елдерде насихаттау деген ойларын да құптаймыз.







## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ИМАМДАРДЫ ДАЯРЛАУ

*Елбасын ел руханиятына шұғыл бет бұрғызған жайт, алдымен, Қазақстан үшін қауіпті күштердің көбейе түсуі болса керек. Ол – экстремизм, ол – бізге жат жаңа діни ағымдар, ол – ұлтты өзінің ұлттық келбетінен айырып, тілі мен ділінен жеріндіретін мультимәдениеттердің топтамасы.*



# БОЛАШАҚҚА БАҒДАР:



## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс

### XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА ТУРАЛЫ

#### Бәсекелік қабілет

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

#### Білімнің салтанат құруы

Білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу.

#### Прагматизм

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез - құлықтың прагматизмі.

#### Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы

Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді.

#### Ұлттық бірегейлікті сақтау

Ұлттық салт - дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

#### Сананың ашықтығы

1. Адам жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.
2. Ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз.

Патриотизм бұл өскен ауылыңа, қалаң мен өңірің, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады

**Қорытындылай келе айтарымыз, елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы тәуелсіз еліміздің даму бағыты өрілген өзекті мақала екені даусыз.**



Нұрсұлтан  
Назарбаев  
*«Болашаққа бағдар:  
рухани жаңғыру»*



# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

